

A.B.Aitzhanova, I.A.Kornilko

The use of ideas of the national pedagogics of the kazakhs in family education

In article questions of education of the child, formation of his personality, instilling of young generation of love to work are considered. Receptions and methods of the main directions of a national educational system are allocated. Family education is defined as the prime public necessity, i.e. a basis of all educational beginnings and parental happiness was a family. Authors described the Kazakh family traditions, each of which has a big educational role.

References

- 1 Turmanzhanov U. *Kazakh proverbs and sayings*, Alma-Ata: Znaniye, 1980, p. 82–86.
- 2 Zhakhan Zh.Zh. *National education and continuity generation of the Kazakh people*, [ER]. Access mode: http://www.rusnauka.com/16_NTP_2008/Psihologia/34050.doc.htm
- 3 Kornilko I.A., Bitabarov E.A., Altayeva B.S. *Family traditions of the Kazakh people as factor of moral education of modern school students*, [ER]. Access mode: http://www.rusnauka.com/6_PNI_2012/Pedagogica/3_101956.doc.htm

ӘОЖ 37.013

А.Ж.Бәкірова

«Қуаныш» балабақшасы, Қарағанды
(E-mail: aigul-bakirova@mail.ru)

Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы

Мақалада бала өміріндегі ұлттық тәрбиенің рөлі туралы айтылған. Сол мақсатта ұлттық ойындардың, ұлттық мерекелердің, тілдің, салт-дәстүрдің маңызының ерекшелігі жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар осы айтылғандардың арасындағы сабақтастық және байланыс жақсы көрсетілген. Қазіргі замандағы көкейкесті мәселелерді шешуге байланысты ұлттық тәрбие арқылы Отанды сүйуге балаларды баулу, үлкендерді сыйлау жайлы ойлары жұмыста жүзеге асырылған.


Кілт сөздер: ұлттық тәрбие, білім, ұрпақ, тіл мәдениеті, адамгершілік, имандылық, сыйлау, мақсат, көркем сөз, рухани жетілу.

Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақты азаматтық пен имандылыққа баулу — тәрбиенің басты міндеттердің бірі. Бұл саладағы күш-жігер, алдымен, бүлдіршіндерді отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. «Отан» деген ұғым балаға дүние есігін ашатын туған жері, кең байтақ гүлжазира даласы. Балаға «Отан», «туған жер» дегеніміз — тарихи қалыптасқан әлеуметтік, саяси және мәдени орта. Тарихқа көз жүгіртсек, халқымыз, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қазынасын жас ұрпақты тәрбиелеуді пайдаланған бала тәрбиесіне ерекше мән бере, үміт арта, сергек қараған. Жас ұрпақтың алдына асқарлы мақсат қойылып, келелі міндеттер жүктеген. «Болашақ ел қамқоры», «Отан қораушысы», «Шаңырақ иесі», — деп жақсы сөзін қазақ халқы баласына арнаған. Отанды сүю халық ауыз әдебиетінде, ақын жыраулардың шығармаларында, халықтың тәрбие-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, отбасындағы тәрбие, халық ойындары мен мерекелері, музыкалық шығармалары, бейнелеу өнері, кол өнері туындыларында тәрбиелік мазмұнда көрініс тапқан. Жас ұрпақты намысшылдыққа, ерлікке, отаншылыққа «Ер жігіт елі үшін туады» деп, кішіпейілдікке «Кішіпейіл болсаң, кішіреймейсің» деп, бауырмашылыққа, білімпаздылыққа, ақылдылыққа «Ақыл азбазды, бегім тозбайды» деген, тазалыққа «Тазалық — саулық кепілі», еңбекке «Еңбек түбі — береке» дей келе туған жер табиғатын, ерлік дәстүрін сүйуге тәрбиелеген. Адам

бойындағы сапалы адамгершілік қасиеттерді жаман әдет, жат мінез-құлықтарға қарсы қоя отырып, жамандықтан жирену керек деген екен. Балалар тіл мәдениетін үйретіп, шығармашылыққа тәрбиеледі. Қанатты асыл, көркем сөздердің ықпалы ерекше тиімді (1-сур.).


Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде бала жас кезінен бастап көпшіл, ынтымақшыл, үлкенге сый-құрмет көрсете білетін өнегелі адам болуға, адамгершілікке тәрбиелейді.

Халқымыздың ежелден берік ұстаған әдеп-салтының бірі — адамдар арасындағы ілтипатты қарым-қатынастар, екі жақты сыйластық. Сол себепті жас үлкенді сыйлап атын атамай, оларды: «Ата, әже, апа, аға, тәте, көке, әпке, жеңге» — десе жасы кішілерді үлкендер өз тарапынан: «Інішек, қарындас, шырағым, бауырым т.б.», — деп құрметтеп атайды. Ұрпақтан ұрпаққа ауысқан бұл өнегелі әдепті біз қазақтың мақал-мәтелдермен нақыл сөздерінен, бүгінгі таңдағы шығармалардан көптеп кездестіреміз. Мысалы: «Үлкенге — құрмет, кішіге — ізет», «Әдепті бала өсірсен, елдің абыройы» осы сияқты сөздер әрқашанда әдептілікті сақтағаның, сыпайы, кішіпейіл адамды үлгі, жас ұрпақтың тәлімді, тәрбиелі болып өсуіне назар аударып, көңіл бөліп отырған. Сондай-ақ сырттан жасы үлкен адам кіргенде, тұрып сәлем беру, орнынан тұруға көмектесу, шығарып салу — жас балаға тән деп санаймыз. Қонаққа сай құрмет көрсету — үлкен арыс, бұлжымас міндет.



1-сурет. Қанатты сөз, сөз тіркестердің тиімділігі

Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіндегі ұлттық тіл дамытуындағы басты міндет — балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Тіл дамыту әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асыру. Ол сұрақ-жауап, сөздік қорды дамыту, сөйлесу, әңгімелесу, көрнекілік. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекілік құралдар, түрлі суреттер, кестелер, сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады деген ойдамыз. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды өз тәжірибемізде қолданып жүреміз. Сонымен қатар қазақ тіліне үйреткенде балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдауымен сай келеді, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын түрлері қойылады. Адам мәдениеті ойын арқылы дамиды, демек, балалық шақтан бастап қартайған кезге дейін адамды ойын жетелеп отырады. Ойын дегеніміз не? Ойын — қоғамдық тәжірибені қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеттің бір түрі, яғни тәртіпті, өзін-өзі басқаруды жетілдіреді. Ойын — мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ақын Н.Баймұхамедов: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?» [1] деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады (2-сур.).



2-сурет. Ойынның балаларға пайдасы

Мектеп жасына дейінгі мекемелердегі ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі маңызына байланысты келесі жұмыстар түрлері қолданылады:

1. Қазақ тілі — тіл үйрету барысына әрбір сабақта ойын түрлерін және өзара сөйлесу үлгілерін қолданған дұрыс. Сабақ барысында ойын элементтерін дидактикалық материал ретінде пайдаланудың пайдасы бар. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерін, өмірге құштарлығын қалыптастыруға болады.

2. Ұлттық ойындар — сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады. Ойын — балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділікпен дамыту. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойын баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай-қайсы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, батылдылықты, дененің шыңығуын қажет етеді. «Орамал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты-ұшты», т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейтуге, ептілік қабілетін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.

3. Ұлттық мерекелер — әрбір халықтың осы күні жарқыратып, көрсететін мәдениет мен дәстүрлі ұлттық тағамдары болады. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл, ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан, тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғазып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан әрмен халық ойындармен («Ақ серек пен көк серек»), («Айқыш-ұйқыш»), т.б. ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, қазақша күреспен, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталатын.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі — жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінде басталуы керек.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік, құнды қасиеттерді сіңіріп өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуге отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие — екі жақты үдеріс. Бір жағынан, бұл үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ұқпалын, екінші жағынан — тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ұғымның әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиеленушілердің жетістіктерін зер салып талдау керек. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға адамгершіліктің өзге де формалары, бұл — сананың, сезімдердің,

мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, оларды негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары деп жатады. Баланың өмірге белсенді көзқарасы бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтылынады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан жұмысты ұйымдастыру үдерісінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс-әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбексүйгіштікке, ізгілікке ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегін нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Бұл мәселе қазіргі зерттеулерде айтылып жүр [2].

Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылданду, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

Әр баланың жеке басы, оның моральдік дамуы үшін қамқорлық жасау — бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлу талап етіледі. «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасы» мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуын, олардың мектепке дайындығы қарастырады. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда басты рөлді атқарады. Оның ықпалы неғұрлым белсендірек болып, баланың сезімдерін жан-жақты қамтыған сайын олардың ерік-күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді. Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін өзіндік ерекше жағдайлар керек. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік парыздық сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар т.б. қалыптасады.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау, кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т.б. ұжымға тәрбиелеу, балалардың ұжымда өзара қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып, педагог балдырғанның бар істі шын пейілімен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды.

Атақты педагог В.Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан, он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өз рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты — дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесін биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол — балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық» [3], — деп атап көрсеткен.

Руханилық — жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы бала мектепте бармастан бұрын жақын адамдардың өзара қатынасын басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. Оны «Жақсымен жолдас болсаң — жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң — қаларсың ұятқа...», «Жаман дос жолдасын жауға қалдырар» деген мақалдарды көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер — адамгершілік тәрбиенің

арқауы. Үлкенді сыйлау — адамгершіліктің бір негізгі. Адамзаттық құндылықтар бала бойында іс-әрекет барысында әр түрлі ойындар, хикаялар, ертігілер, қойылымдар арқылы беріледі. Адамгершілік — адамның рухани байлығы, ол болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанаршылық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік — ең жоғарғы құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру — ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершіліктің қайнар бұлағы — халқымда, отбасымда, олардың өнерлерінде әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В.Сухомлинский: «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады» [3; 8], — дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілділік, қоғамдық және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық — адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсының ерешеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы — балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер нені айтса соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені — ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмытылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер, берер тәлімі мол болмақ.

Жасөспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек.

Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізгі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді.

Ата-бабаларымыз баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлғатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өз парасатты болады. Ондай адамды халық «иманжүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың, ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу — адамгершілік тәрбиесінің жемісі.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы – осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз. Бұл мәселе Жүсіппек Аймауытовтың еңбектерінде жан-жақты талданған [4].

Адамгершілік — адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адалдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы, тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, күдіретті, қасиеті мол адамшылық атауының көрінісі болып табылады.

Адам бойына кішіпейілдік, сыйластық, рақымшылық, жанашырлық, тілектестік сияқты қасиеттерді және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету де «Өзін-өзі тану» пәнінің үлесіне тимек.

Тәрбиешінің алға қойған мақсаты — бойында ұлттық санасы қалыптасқан, халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған, дені сау, шымыр да шыныққан, сымбатты, рухани байлығы мол, жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиетімді мақтан тұтам». Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет — әркімнің өз құдайы. Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең депті Ақан сері. Жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу — адамгершілік тәрбиесінің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Кедергіге қарсы тұра білетін қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды.

«Еліміздің күші — патшада, сәбидің күші — жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз — адамгершілігімізде болуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Тілеужан М.* Рухани өнегелі тәрбие // Бала тәрбиесі. — Алматы, 2006. — № 2. — 24-б.
- 2 *Ахметова М.Т.* Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы // Өзіндік таным. — Алматы, 2007. — № 2. — 18-б.
- 3 *Бабаев С.Б.* Бастауыш мектеп педагогикасы // Бастауыш мектепте оқыту. — 2007. — № 4.
- 4 *Аймауытов Ж.* Тәрбиеге жетекші // Бала тәрбиесі. — 2008. — № 47. — 38-43-б.

А.Ж.Бакирова

Важность национального воспитания в жизни ребенка

В статье описывается роль национального воспитания в жизни ребенка. С этой целью рассмотрены особенности национальных игр, национальных праздников, языка, обычаи и традиции. Автором отмечена взаимосвязь перечисленных выше факторов. В статье выделено, что необходимо учить детей любить Родину и уважать старших.

A.Zh.Bakirova

The importance of national education in the child's life

The article describes the role of national education in a child's life. For this purpose, versatile considered an important feature of national games, national holidays, language, customs and traditions. Including a well-specified relationship listed above. In the solution of actual problems in the world today in the article accurately executed idea that would encourage children to love their homeland and respect elders.

References

- 1 Tileuzhan M. *Education*, Almaty, 2006, 2, p. 24.
- 2 Akhmetova M.T. *Self-knowledge*, Almaty, 2007, 2, p. 18.
- 3 Babaev S.B. *Primary school*, Almaty, 2007, 4, p. 7.
- 4 Аумауытов Ж. *Education*, Almaty, 2008, 47, p. 38–43.

ӨОЖ 37.035.6 (574)

С.Х.Медиева, Ж.Б.Әсетова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail:sara.orazbaeva.66@mail.ru)

Ұлттық тәрбиенің тарихи-педагогикалық алғышарттары

Мақалада бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттары, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу мәселелері сипатталған. Қазақ халқының ғасырлар тұңғышынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеуге байланысты жанұя, мектеп, сынып жетекшілерінің тәрбие туралы беретін білім негіздері қарастырылған. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы, ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру жайындағы түсініктер келтірілген.

Кілт сөздер: азат, педагогика ғылымы, өркениетті, эстетикалық құндылықтар, әлеуметтік институт, салауатты, өскелең ұрпақ, ұлттық сана-сезім, рухани, іс-әрекет.

Тәрбие — қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы. Ересек буын қоғамдық тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді. Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет. Басты өндіруші күш — жеке тұлға. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдық көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді.

Тәрбие — қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы. Ересек буын қоғамдық тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді. Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет. Басты өндіруші күш — жеке тұлға. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдік көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты — жастардың бойындағы азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзушілікке тәрбиелеу.

Тәрбиенің негізгі міндеттері:

- қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру;
- саяси-құқықтық, экономикалық, экологиялық, талғам мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастыру;
- өзінің кәсіби қабілетін айқындауды қалыптастыру;
- отбасылық мәдениетті және гендер проблемасындағы сауаттылықты қалыптастыру;
- рухани-адамгершілік, этномәдениет, ұлтаралық қатынас пен толеранттылық мәдениетін қалыптастыру.